

негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144,154,162- бабтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

5.10. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар мен өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларна, сондай-ақ дебиторлық берешегіні билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер болуға немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

5.11. Кәсіпорын осы Жарғының 5.8.- тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

5.12. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

5.13. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 5.10. және 5.11- тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

6.1. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

6.2. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында, көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

7.1. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері (шарушылық жүргізу құқығындағы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен калыптасады).

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

8.1. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептелігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келесімі бойынша халықаралық стандарттарына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.